

СОТТАЛҒАНДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕУДЕГІ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Алибеков С.К.

В данной научной статье автором рассмотрены вопросы взаимодействия правоохранительных органов с общественными организациями, о новых методах и формах борьбы с рецидивами антиобщественного поведения освобожденных из мест лишения свободы.

In given scientific article by author are considered questions of the interaction law-enforcement organ with public bodies, about new method and the forms of the fight with relapse of the antisocial behavior freed from places of the deprivation of the liberty.

Қазіргі таңда қоғамды толғандырып отырған мәселелердің қатарында қылмыстылық және онымен қарқынды түрде күрес жүргізу мәселесі аса өзекті болып табылады. Тәуелсіздігіне қол жеткізгеніне әлі жиырма жыл толмаған Қазақстан Республикасы өзін егемен мемлекет ретінде орынықтыра отырып, аса маңызды және көлемді әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық реформаларды жүзеге асыруға міндетті. «Біз елімізді эволюциялық даму арнасына салып, іргелі институттық реформаларды табанды түрде жүргізе алдық» - деп атап көрсетті Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаев [1, 31 б.].

Жазасын өтеуден босатылған тұлғалардың әлеуметтік ортаға бейімделу мәселесі қылмыстылықпен күресудің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады, ол криминология мен қылмыстық жазаны атқару құқығының және құқық қорғау қызметінің түйісінде орын алады. Криминологиялық тұрғыдан алғанда ол рецидивтік қылмыстылықтың алдын алудың негізгі бағыттарының бірі болып саналады. «Әлеуметтік бейімдеу дегеніміз – бостандыққа шыққан тұлғаға қоғамға қайтып оралуға, әлеуметтік пайдалы байланыстарын, құқықтық мәртебесін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін әлеуметтік және психологиялық жіптерден тоқылған көпір» [2, 3 б.]. Сонымен бірге әңгіме жазаны атқарудың теориясы мен практикасының аса маңызды бөлігі ретіндегі қылмыстық жазаның тиімділігі туралы болып отыр.

Соңғы жылдардағы мәліметтерге көз жүгіртсек, елімізде криминогендік жағдайдың біршама тұрақтанғандығын байқауға болады. Елімізде 2001 жылы 152168 қылмыс жасалып, оған 103471 адам қатысқан, 2002 жылы 135150 қылмыс, 2003 жылы 152168 қылмыс, 2004 жылы 143,6 мың қылмыс, 2005 жылы 146,3 мың қылмыс, 2006 жылы 141271 қылмыс жасалып оған 84989 адамның қатыстықаны анықталса, 2007 жылы 128064 қылмыс жасалып, оған 79641 адам қатысты болған, 2008 жылы 127478 қылмыс тіркеліп оған 58562 адамның қатыстылығы анықталған. 2009 жылдың тек қана 10 айында елімізде жасалған аса ауыр қылмыстардың саны өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2504-тен 2788-ге жетіп, яғни 11%-ға артқандығын айта кету қажет.

2009 жылдың 10 айының қорытындысына қатысты еліміз бойынша әрбір 10 мың адамға шаққанда 75 қылмыс оқиғасы тіркелген болса, бұл көрсеткіш тиісінше Шығыс Қазақстан облысында 125, Павлодар облысында 121, Алматы қаласы бойынша 94 қылмысты құраған.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ресми сайтында жарияланған мәліметтерге қарағанда, Шығыс Қазақстан облысында 2009 жылдың 10 айында жасалған қылмыстардың 17,4%-ы бұрын сотталған адамдармен жасалған және бұл еліміз бойынша ең жоғарғы көрсеткіш болып отыр. Аталған облыстың аумағында қылмыстың қайталануына жол берген 1952 адамның 1827-сі еш жерде жұмыс жасамайтын адамдар болған, Алматы қаласында жасалатын барлық қылмыстардың 34%-ы жұмыссыз адамдармен жасалған және есепте тұрған бұрын сотталған 1205 адамның 470-і, яғни әрбір үшіншісі қайталап қылмыс жасаған.

Рецидивтік қылмыстылықты қысқарту міндеті қазіргі таңда аса өткір қойылып отыр. Сондықтан әлеуметтік бейімдеудің жалпы теориясын жасақтауға деген қажеттілік барынша айқын сезілуде. Әңгіме жазасын өтеуден босатылғандарды әлеуметтік бейімдеудің құрылымын кешенді түрде зерттеу, олардың әлеуметтік ортамен өзара әрекеттестігінің механизмі, жазадан босатылғандардың қоғамға қарсы әрекеттерімен күресудің жаңа әдістері мен нысандары, тұлғалардың жекелеген санаттарының әлеуметтік бейімделу үрдісінің жүзеге асырылуына тән болатын сипатты ерекшеліктер туралы болып отыр.

Мемлекеттің және оның органдарының қызметі қоғам өмірінің әртүрлі өрісін қамтитындығы белгілі.

Тұтастай алғандағы экономиканың, оның салаларының және нақты шаруашылық ұйымдарының қалыпты қызмет атқаруы, сыртқы саясаттың жүзеге асырылуының, мәдениеттің, ғылым мен білімнің дамуы үшін жағдай жасау, елдің қорғаныс қабілетін арттыру және мемлекеттің қауіпсіздігін қорғаумен байланысты мәселелерді шешу сондай-ақ, басқа да маңызды функцияларды орындау осынау әртарапты қызметтің мазмұнын құрайды.

Мемлекеттік қызметтің қатарында заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, еңбек ұжымдарының құқықтары мен заңды мүдделерін күзету және қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу басты орынға ие болады. Сонымен бірге зерттеушілердің пікірінше «құқық қорғау өрісі қылмыстылықпен немесе қоғамдық тәртіпті бұзушылықпен күрес өрісіне қарағанда әлдеқайда кең» [3, 11 б.].

Мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, тұтастай алғандағы қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау болып табылатындығын тағы да атап көрсете отырып, аталған міндеттің жүзеге асырылуы негізінен алғанда, қылмыстылықпен күрес жүргізудің және оның алдын алудың негізгі субъектісі болып табылатын құқық қорғау органдарына жүктелетіндігін айтқан орынды.

Заңдылықты және құқық тәртібін қамтамасыз етумен негізінен алғанда осындай тек міндеттерді атқару үшін құрылған арнайы органдар айналысуы тиіс. Оларды о бастан-ақ, құқық тәртібін қорғау органдары, (қоғамдық тәртіпті қорғау органдары-деп те атау сирек кездеспейді) яғни экономикалық және әлеуметтік, өнегелік, мәдени, тарихи факторлармен, ҚР Конституциясымен, өзге де заңнамалық және құқықтық ережелермен шартталатын мемлекет пен

қоғамның, азаматтардың өмірі мен қызметі тәртібін қорғауға тиісті органдар деп атау қалыптасқан.

Құқық тәртібін қорғау органдары ұғымына өзінің ішкі мазмұны жағынан құқық қорғау органдары ұғымы барынша жақын келеді. Осы атаулар өте ұқсас болғанымен, бірақ олар бірдей емес. Олар арқылы білдірілетін органдар шеңбері әрдайым сәйкес келе бермейді. Құқық тәртібін қорғау органдарының барлығын бірдей құқық қорғау органдары деп санауға болмайды. Сонымен бірге, құқық қорғау органдарының қатарында кең мағынасында алғандағы қоғамдық тәртіпті немесе құқық тәртібін қорғаумен айналыспайтын және айналысуға тиісті болып табылмайтын органдар да баршылық «берілген мәселе сондай-ақ, құқық қорғаушылық қызметі ұғымының мәселесі де заңнамалық негізде тікелей және түпкілікті реттелмеген - деп атап көрсетеді К.Ф. Гуценко [3, 14 б.].

Отандық зерттеушілердің пікірі бойынша да «қазақстандық заңнамада «құқық қорғау органдары» деген ұғымға берілген түпкілікті тұжырымдама жоқ. Бұл түсінік әртүрлі құжаттарда жалпылама түрде құқық қорғаушылық қызметті жүзеге асыру міндеті жүктелген мемлекеттік органдарды білдіру үшін қолданылады» [4, 16 б.].

Қазіргі таңда өздерінің кәсіби қызметтерінің белгілері бойынша, өздерінің айқын міндеттеріне ие болатын мемлекеттік органдардың ерекше жүйесіне (құқық қорғау органдары) кіретін органдардың қатары, бұрынғы уақыттармен салыстырғанда кең. Заң ғылымдарының докторы, профессор С. Молдабаев қазіргі уақытта құқық қорғау органдарының көп жүйелік құрылымының пайда болғандығын атап көрсете келіп, оның өз кезегінде «көрсетілген органдардың өзара ықпалдастығының бүкіл жүйесін күрделендіріп жібергендігін және де мұның көрсетілген органдардың өздерінің маңыздылығы мен мәртебелілігі үшін жасырын «бәсекелестігімен», «күресімен» ұштасып отырғандығын» айтады [5, 212 б.].

Әлдеқандай мемлекеттік органдарды құқық қорғау органдары қатарына жатқызу барысында басшылыққа алынатын негіздерді барынша анық айқындау үшін, қазіргі таңда барлығымен бірдей таныла бермейтін, белгілі бір шамада алғанда шартты болып табылса да, көпшілік үшін дағдылы болған «құқық қорғау қызметі» атауына ие болған қызметтің басты белгілерін анықтаудың маңызы зор.

Берілген термин және ол арқылы білдірілетін түсінік салыстырмалы түрде алғанда жаңа болып табылады. «Құқық қорғау қызметі» ұғымының белгілі бір дәрежеде мығым орнықпай, аталған терминге байланысты пікірталастардың өрістеп, әртүрлі көзқарастардың білдірілуін осымен түсіндіру керек болар. Сонымен бірге, қандай органдарды құқық қорғау органдары ретінде санау керек? - деген мәселеге де қатысты екіұдай пікірлер айтылып келеді.

Себебі қазіргі таңдағы әрекет етуші заңнамада аталған мәселеге қатысты айқын бекітулер көрсетілмеген. Мәселен, ҚР Конституциясының 23-бабының 2-бөлімінде ... ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуі тиіс деп бекітілген. Берілген норманың

мазмұнына қарағанда ұлттық қауіпсіздік және сот органдарының құқық қорғау органдарының жүйесіне кіргізілмейтіндігін аңғаруға болатындай.

Егер адамның және азаматтың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру немесе дау туғызушы құқықтарын анықтау мәселесін негізінен шешу, сот арқылы жүзеге асырылатындығын ескерер болсақ, онда сот органдарын құқық қорғау органдарының жүйесіне кірістірмеу түсініксіз әсер қалдыратын сияқты.

«Құқық қорғау қызметі» терминінің және ол арқылы білдірілетін түсініктің салыстырмалы түрде алғанда жаңа болып табылатындығына байланысты бірқатар мәселелер туындайды.

Қазіргі бар доктриналды тұжырымдарға сәйкес мемлекеттік қызметтің берілген түрі (құқық қорғау қызметі) бірқатар маңызды белгілерге ие болады. Төменде біз арнайы тоқталған негізгі белгілер, құқық қорғау қызметінің өзіндік ерекшеліктерін айқындап, мемлекеттік қызметтің аталған түрін басқаларынан мазмұндық жағынан ажыратуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Олардың бірі, аталған қызметтің кез келген тәсілмен емес, ықпал етудің заңи шараларын қолданудың көмегімен ғана жүзеге асырылатындығымен өзінің көрінісін табады. Аталғандардың қатарына заң арқылы реттелетін мемлекеттік мәжбүрлеу және жауапқа тарту шараларын жатқызу қабылданған. Мысалы, қылмыс жасалса, онда жаза тағайындалуы немесе ықпал етудің өзге шарасы тағайындалуы мүмкін

Заңи ықпал ету шараларының қатарында тек заңмен белгіленген шамаларда ғана жол берілетін құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу, олардан сақтандыру шараларына маңызды орын беріледі.

Құқық қорғау қызметінің екінші маңызды белгісі ретінде, аталған қызметті жүзеге асыру барысында қолданылатын ықпал етудің заңи шараларының заң ережелеріне қатаң сәйкестікте болуы қарастырылады. Тек заң ғана ықпал етудің нақты шарасын қолданудың негізі бола алады және оның мазмұнын барынша айқын анықтайды.

Үшіншіден, құқық қорғау қызметі үшін оның заңмен бекітілген тәртіпте, белгілі бір үрдістерді сақтай отырып жүзеге асырылатындығы сипатты болады. Құқық қорғау қызметінің жүзеге асырылуының ең алдымен арнайы өкілеттіктерге ие болатын мемлекеттік органдармен жүзеге асырылуын, аталған қызметтің маңызды белгілерінің бірі ретінде бағалауға болады.

Жоғарыда аталып көрсетілгендерді негізге ала отырып, құқық қорғау қызметі ретінде нені қарастыруға болатындығын анықтауға мүмкіндік пайда болады. Құқықты қорғау мақсатында арнайы өкілетті органдармен ықпал етудің заңи шараларын заңға қатаң сәйкестікте және онымен бекітілген тәртіпті бұлжытпай сақтау жолымен жүзеге асырылатын мемлекеттік қызмет түрін құқық қорғау қызметі деп санау қажет.

Өзінің мазмұны бойынша құқық қорғау қызметі біртекті болып табылмайды. Жүзеге асырылатын әлеуметтік функциялардың салыстырмалы түрде алғанда әрқилы болып табылуы, олардың мазмұнының мемлекеттік қызметтің берілген түрінің негізгі бағыттарымен айқындалуынан біз оның көп жоспарлы бағытын айқын аңғарамыз.

Мемлекет пен құқықтың жалпы теориясы бойынша мемлекет механизмі аталған механизмнің жалпы құрылымындағы өзінің сипаты және құзіретінің көлемі, қызмет атқаруының нысандары мен тәсілдері бойынша ерекшеліктерге

ие болатын органдардың күрделі жүйесі ретінде сипатталады. Берілген жүйеде ерекше орын, оның құрамдас бөлігі болып табылатын, заңмен бекітілген құзіретке ие және аталған құзіреттің шеңберінде мемлекет атынан әрекет етуге құқылы ішкі істер органдарына беріледі.

Қылмыстық жүріс-тұрыс бірнеше құқықтық пәндер арқылы зерттеледі, олардың арасында соңғы жылдары криминология және құқық социологиясы үлкен маңызға ие болып отыр. Бұл түсінікті де, себебі қылмыстылықпен күресті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру тек қылмыстылықтың әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәнісін терең ашу, оның себептерін талдау, сонымен бірге қылмыстылықтың алдын алу шараларын жасақтау негізінде ғана мүмкін болады дейді В. Н. Кудрявцев [6, 3 б.].

Жоғарыда аталған міндеттерді табысты түрде шешуге ықпалын тигізетін шаралар жүйесінде маңызды рөл біздің ойымызша, қылмыстық, соның ішінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу мәселесіне берілуі тиіс. Статистикалық мәліметтер бойынша, әрбір бесінші қылмыс бұрын сотталған адамдармен жасалады және де рецидивистердің үштен бірі бостандыққа шыққаннан кейін бір жылдың ішінде жаңа қылмыстар жасайды [7, 3 б.].

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуі криминологияның, құқық қорғау қызметін ұйымдастырудың маңызды мәселелерінің бірі саналады, себебі тұлғалардың аталған санатының тарапынан жасалуы мүмкін жаңа қылмыстардан сақтандыру қылмыстылықпен күрестің негізгі бағыттарының және де рецидив мәселесінің орталық буындарының бірі болып табылады. Өкінішке орай, аталған тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайларына әлеуметтік тұрғыдан алғандағы бейімдеу мәселелеріне, оның әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық, криминологиялық және құқықтық жақтарына сондай-ақ аталған үрдісті ұйымдастырып, басқарудағы құқық қорғау органдарының рөліне, олардың осы саладағы қызметінің құқықтық негіздеріне әлі де болса жеткілікті назар аударылмай отырған сияқты.

Сонымен бірге, адамның жаңа ортаға әлеуметтік тұрғыдан бейімделу үрдісі (процесс) барынша күрделі және қарама-қайшылықты болып келеді, себебі бұл тұлғаның әлеуметтік рөлдерінің, өзін қоршаған әлеуметтік ортадағы мәртебесінің үлкен өзгерістерге ұшырауына тікелей себепші болады соның салдарынан адамның өмірлік ұстанымдар, тәлімдер мен дағдылар, әлеуметтік-өнегелік бағдарлар жүйесін қайта құруы қажеттілігінің алғышарттары пайда болады.

Жазадан босатылғандарды бейімдеу – көп қырлы процесс. Ол сотталған адамдарды бостандықтағы өмір жағдайларына дайындаудың өнегелік, психологиялық және практикалық мәселелерінің, жазаны өтегеннен кейінгі олардың жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгеруінің, қоғамдық тұрғыдан пайдалы болып табылатын байланыстарын қалпына келтірудің, бейімделу үрдісінің мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан белсенді түрде басқарылуының, бостандыққа шыққан адамдардың пайдалы қызметке қайтып оралуына кедергі келтіретін жағымсыз факторларды жоюдың кешенін қамтиды.

Бас бостандығынан айыруға салыстырмалы түрде алғанда, қоғам үшін барынша қауіпті, әлеуметтік-өнегелік тұрғыдан алғанда бетімен кеткен, түзелуі,

тәрбиеленуі және пайдалы қызметке қайтып оралуы барынша үлкен қиындықтарды туындататын қылмыскерлердің тартылатындығы, зерттеу жұмыстарының осы бағытта жүргізілуіне себепкер болып отыр.

Сонымен қатар, қоғамнан оқшаулау әсіресе ұзақ мерзімдерге, өз кезегінде пайдалы әлеуметтік байланыстардың әлсіреуіне, ал кейде тіпті үзіліп қалуына, сотталғандардың әлеуметтік рөлдерінің біршама шектелуіне, бас бостандығы өзіндегі азаматтардың күнделікті өмірдегі тап болатын көптеген тұрмыстық және еңбектегі практикалық мәселелерді шешудегі өзіндік дербестігінен айырылуын туындатады.

Жоғарыда аталған жағдайлар, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бейімделу мүмкіндіктерін мұқалтады, олардың жазасын өтегеннен кейінгі, әсіресе, олар өмірдің жағымсыз жағдайларына тап болған кезде жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу процесін үлкен қиындықтарға кез қылады

Осыған байланысты, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп бостандыққа шыққан тұлғаларға қатысты белгілі бір әлеуметтендіруді жүзеге асыру міндеті пайда болады, ол өзіне қоғамнан оқшаулаудың әлеуметтік-психологиялық салдарын жоюды, қоғамдық тұрғыдан алғандағы пайдалы қатынастарын қалпына келтіруді, қоғамдық пікір тарапынан қуатталатын қатынастар өрісіне тартуды кірістіруі тиіс, себебі осындай байланыстардың жоғалуы әдетте қылмыс рецидивінің негізгі себепшісі болады. Сонымен бірге, «қоғамның тарихи нысандарының дамуына байланысты әлеуметтік бейімделудің, яғни тұлғаның берілген қоғамда үстемдік құратын нормалар, әлеуметтік және моральдық құндылықтар жүйесіне кірігу тәсілдері де өзгереді» [8, 98 б.].

Бір қарағанда, қылмыстық жазасын өтеп шыққандарды әлеуметтік бейімдеу мәселесі құқық қорғау органдарының атап айтқанда, қылмыстық жазаларды атқару жүйесі және ішкі істер органдарының функционалдық міндеттерінің қатарына кірмейтін сияқты болып көрінгенімен біздің оймызша, ол тіптен де олай емес.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңдарының мақсаттары мен міндеттері ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алу осы мақсаттарға сәйкес жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларын реттеу, сотталғандарды түзеу құралдарын анықтау, олардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғау, **әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету** бекітілген. Олай болса, қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсету қылмыстық жазаларды атқару жүйесі органдарының міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының түзеу мекемелеріндегі тәрбиелік жұмыстардың 2007 жылдың 9 айындағы жәй-күйі туралы шолудың материалдары бойынша, көрсетілген мерзім ішінде түзеу мекемелері жергілікті атқарушы билік органдарына сотталғандардың бостандыққа шығатындығы, олардың тұрғын үйінің, еңбек қабілеттілігінің және мамандықтарының бар екендігі туралы 9242 хабарлама жіберсе, аудандық немесе қалалық ішкі істер органдарына бостандыққа шыққандардың еңбек және тұрмыстық мәселелерін

шешу туралы 8881 өтініш жасаған. Олар бойынша 3674 жауап алынған болса оның 2829-ы мәселені негізінен шешудің мүмкіндігі туралы жауап болған

Қылмыстылықтың алдын алуды, соның ішінде қылмыстың қайталануынан сақтандыруды ішкі істер органдарының заң арқылы жүктелген негізгі міндеттері ретінде санай отырып, аталған міндетті орындау көптеген нысандар мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылатындығын атап өту орынды.

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың жағымды әлеуметтік ортаға бейімделуінің барынша тез және табысты түрде жүзеге асырылуының, аталған адамдар тарапынан жасалуы мүмкін қылмыстардың алдын алудағы аса маңызды фактор екендігін ескерсек, берілген үрдісті басқару барысында және бұрын сотталған адамдарға қойылатын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру арқылы ішкі істер органдары аталған өрісте негізгі маңызға ие болады.

Қылмыстық жазасын өтеп шыққандарға қатысты жүргізілетін жұмыстарды реттейтін негізгі актілердің қатарында Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 11 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік қадағалауда тұрған тұлғалардың есебін жүргізудің Ережесін, 2007 жылдың 21 тамызында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 340 «Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» бұйрығын атап көрсетуге болады.

Алайда қазіргі қалыптасқан жағдайда қылмыстық жазасын өтеуден босатылғандарды еңбекке орналастыру мәселесінің ұйыдастырылған түрде жоспарланып, жүзеге асырылуы, жұмысқа орналасуға жолдама берілгендердің бірыңғай есебін жүргізу жолға қойылмаған. Аталған міндеттерді жүзеге асыруға міндетті болып табылатын тиісті органдардың нақты жүйесі айқындалмаған.

Қылмыстық жазасын өтеуден босатылғандардың бостандықтағы өмір жағдайларына барынша оңтайлы бейімделуін жетілдірудің негізгі шараларының бірі болып, біздің ойымызша аталған мәселемен айналысуға тиісті болып табылатын мемлекеттік органдар жүйесін тәртіпке келтіру, олардың әрқайсысының құзіреттерін және олардың өзара әрекеттестігінің тәртібін айқындау болып табылады.

Зерттеу әдебиеттерінде осыған дейін де жазасын өтеп шыққандардың әлеуметтік бейімделуінің үрдісін бақылау мен басқаруды жүзеге асыратын бірегей органды құру мәселесі талқыланған болатын. Біздің ойымызша, еңбекке орналастыру және әлеуметтік бейімдеу үрдісімен байланысты өзге де мәселелерді шешумен тікелей айналысатын арнайы органның қажеттілігі ешқандай дау туғызбайды.

Қылмыстық жазаны өтеуден босатылғандардың жағымды әлеуметтік ортаға бейімделуінің табысты түрде жүзеге асуы, рецидивтік қылмыстылықтың алдын алуда ерекше маңызға ие болатындығын ескере отырып, біз ішкі істер органдарының құрамында қылмыстық жазаны өтеуден босатылғандармен жұмыс жүргізу негізгі функционалдық міндеті болып табылатын арнайы бөлімнің ұйымдастырылуы тиіс деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Астана, 2007. – 372 б.
2. Трубников В.М. Социальная адаптация освобожденных от отбывания наказания. – Харьков.: Изд-во «Основа» при ХГУ, 1990. – 173 с.
3. Гуценко К.Ф., Ковалев М.А. Правоохранительные органы. Учебник для юридических вузов и факультетов. 3-е издание, переработанное и дополненное. М.: Зерцало, 1990. – 368 с.
4. Абаев М.Б. Организационно-правовые основы деятельности правоохранительных органов по борьбе с коррупционными правонарушениями в Республике Казахстан (на материалах деятельности органов внутренних дел и Агентства по борьбе с экономической и коррупционной преступностью): автореф. дис...канд. юрид. наук. – Алматы, 2006. – 28 с.
5. Молдабаев С.С. Некоторые проблемы взаимодействия таможенной службы с другими правоохранительными органами в предупреждении преступности // Вестник Университета им. Д.А. Конаева. 2007. – № 4. – С. 212-216.
6. Кудрявцев В.Н. Предисловие к книге А.М. Яковлева Преступность и социальная психология. – М.: «Юридическая литература», 1971. – 248 с.
7. Михлин А.С., Потемкина А.Т. Освобожденные от наказания: права, обязанности, трудовое и бытовое устройство: учебное пособие. – Хабаровск: Высшая школа МВД СССР, 1989. – 96 с.
8. Яковлев А.М. Преступность и социальная психология. – М.: «Юридическая литература», 1971. – 248 с.